



6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша (PhD) философия ғылыми дәрежесін алуға PhD докторант Елекен Гульнур Кабдығалымовнаның «Лоратадин таблеткасын жасаудағы технологиялық және биофармацевтикалық зерттеу жолдары» диссертация тақырыбы туралы ғылыми кеңесші, фармацевтика ғылымының кандидаты, профессор Шонабаева Алма Рахимбаевнаның

ШКІРІ

Елекен Гульнур Кабдығалымовна 6M074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша техника және технология магистрі академиялық дәрежесін алғаннан кейін 2014 жылы 6D110400 - «Фармация» мамандығы бойынша С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің PhD докторантурасына түсті. Диссертациялық жұмыстың ғылыми-зерттеу аумағы лоратадин құрамды инновациялық дәрілік препаратты жасау болды.

Докторант Елекен Г.К. жаңа потенциалды дәрілік заттар жасау мақсатында лоратадин минитаблеткаларына толық ауқымды зерттеу жасады. Минитаблеткаларды дайындау технологиясы әзірленді, технологиялық, биофармацевтикалық параметрлері нормативті құжаттар талаптарына сәйкес зерттелді.

Докторант Елекен Г.К. Гданьск Медициналық Университетінде (Польша) ғылыми стажировкасын өтті. Стажировка кезінде заманауи физика-химиялық, технологиялық әдістер мен әдістемелермен зерттеу жүргізуді үйренді. Гданьск Медициналық Университетінде лоратадин құрамды минитаблеткалардың құрамы мен технологиясы дайындалды және стандартизациясы жүргізілді.

Алынған зерттеу нәтижелері интерпретацияланып, Scopus базасына кіретін (IF – 0.167) журналында жарияланды. Докторант зерттеу нәтижелерін Қазақстан Республикасының, Польша, Украина және Ресей Федерациясының халықаралық ғылыми конференцияларында жүйелі түрде баяндап отырды.

PhD докторантура бағдарламасы бойынша білім беру процесін игеру кезінде базалық және профильдік пәндерден терең білім көрсете білді.

Елекен Г.К. қазақ, орыс, түрік және ағылшын тілдерін жетік меңгерген. Докторант тәртіпті, жауапты, профессорлық-оқытушы құрамы және білім


	Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация кафедрасы Пікір	2 беттің 1 беті
--	---	-----------------



Осылайша, Елекен Гульнур Кабдыгалымовна орындаған диссертациялық жұмысы мақсаты және барлық міндеттері орындалып аяқталған сипаты бар. Алынған нәтижелерінің жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы, отандық фармация саласына лайықты үлесі бар жұмыс болып табылады.

Жоғарыда айтылған пікірге байланысты диссертант 6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесіне лайық және диссертациялық кеңестің колдауын сұраймын.

Ғылыми кеңесші, фарм.ғ.к.,
С.Ж.Асфендияров атындағы
ҚазҰМУ Фармацияның ұйымдастырылуы,
басқарылуы және экономикасы және
клиникалық фармация кафедрасының
профессоры



А.Р. Шонабаева

	Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация кафедрасы Пікір	2 беттің 2 беті
--	---	-----------------